

**Веренка негізгі білім беретін мектептің 2024-2025 оку жылының 3 «а»
сыныбында атқарылған тәрбие жұмысының мәтіндік есебі**

Мақсаты: Қазақстандық мәдениет күндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаган ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру үйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі жұмыстар үйымдастырылды. Бұл міндеттер сынып сағаттар мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады. Сондай иғі істерді қалыптастыру мақсатында оқушыларға арнайы тағайындаған тәрбие жұмысының барысында құрылған жоспармен 2024-2025 оқу жылында 3 «а» сыныбында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Жұмыс барысында "Құрмет", "Ынтымақтастық", "Азаматтық жауапкершілік", "Шынайылық", "Қазақстандық патриотизм" сынды 6 негізгі құндылық негізінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту қөзделді.

Тәрбие жұмысы келесі 6 негізгі құндылыққа негізделді: Құрмет, Ынтымақтастық, Азаматтық жауапкершілік, Шынайылық, Қазақстандық патриотизм және Еңбек сүйгіштік.

Білім күні жалпы класс сағаты өтті, тақырыбы «Мектеп – мейірім мекені». Қыркүйек айында өткізілген тәрбие сағаттары: ЖЖЕН №1 «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.», Отбасы күніне орай «Отбасы - тәрбиенің алтын бесігі», «Адалдық пен әділдік», «Еңбек түбі – береке», «Киберқауіпсіздік дегенніміз не?». Қазан айында өтілген тәрбие сағаттар: «Тәуелсіздік күні», «Ұлттық валюта». Оқушылар тәрбие сағат кезінде түрлі тапсырмалар орындаپ, оқушылар іс шараларға белсене қатысып, өз бойындағы түрлі өнерлерін көрсете алды.

Қараша әділдік пен жауапкершілік айындағы тәрбие сағаттар тақырыбы «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «Оқушылардың құқықтары мен міндеттері» Қауіпсіздік сабагы «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері», Қауіпсіздік сабагы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қонырау шалу». Желтоқсан бірлік пен ынтымақ айындағы өткізілген тәрбие сағаттары: «Достық бәрінен қымбат», «Еңбек түбі береке», «Біз табиғатты қорғаймыз», «Буллинг және оның алдын алу»

Қауіпсіздік сабағы «Не жөнінде үндемей қалуга және ата- аналардан жасыруға болмайды?», «Бейтаныс адамдардың құлығы» атты сынып сабактары өткізілді. Екінші жартыжылдықта өткізілген жұмыстар.

Кітап – білім бұлағы(17.02.2025ж)

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру.

Мазмұны: Сабак барысында кітаптың адам өміріндегі рөлі талқыланып, оқушылар өз сүйікті кітаптарын таныстыруды. Құндылық: Құрмет.

Тоқта, буллинг(03.02.2025ж)

Мақсаты: Оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіріп, одан қорғану жолдарын үйрету.

Мазмұны: Рөлдік ойындар мен сұхбат арқылы достық, қолдау, бір-бірін тындау құндылықтары дәріптелді. Құндылық: Үйнеке.

Отбасы алтын дінгек(25.11.2024ж)

Мақсаты: Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі мен маңызын ұғындыру.

Мазмұны: Оқушылар отбасы мүшелерін таныстырып, шағын қойылымдар көрсетті. Құндылық: Шынайылық. Мақсаты: Отбасындағы үлкендердің орны мен тәрбиелік маңызын түсіндіру.

Мазмұны: Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен танысып, ата-анаға құрмет көрсету жайлы пікірлер айттылды. Құндылық: Азаматтық жауапкершілік.

Отбасы- бақыт мекені(12.05.2025ж)

Мақсаты: Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі мен маңызын ұғындыру.

Мазмұны: Оқушылар отбасы мүшелерін таныстырып, шағын қойылымдар көрсетті. Құндылық: Шынайылық.

1 мамыр – Бірлік күні

Мақсаты: Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің достығы мен ынтымағын дәріптеу.

Мазмұны: Ұлттар достығы жайлы өлеңдер, көріністер, бастауыш сынып арасында қабырға газеттері ұйымдастырылды. Құндылық: Үйнеке.

7 мамыр – Отан қорғаушы күні; 9 мамыр – Жеңіс күні

Мақсаты: Әскер мен Отан алдындағы борыш туралы түсінік беру. Ұлы Отан соғысы батырларын еске алу, бейбіт өмірдің маңызын түсіндіру.

Мазмұны: Оқушылар батырлар туралы өлеңдер оқып, патриоттық әндер шырқады. Мектебімізде концерттік бағдарлама өтті. Құндылық: Қазақстандық патриотизм.

Білімім – Отаным

Мақсаты: Білім алудың маңызын түсіндіру, елге қызмет етуге ұмтылыс қалыптастыру.

Мазмұны: «Мениң болашақ мектебім?» тақырыбында эссе жазу .Құндылық: Қазақстандық патриотизм.

Сонымен қоса қауіпсіздік сабактары, ережелері жүргізілді. Эр сынып сағатында жолда жүру ережелері, демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері айтылды.

Тәрбие әрқашанда ата –анамен байланыста болады. Сол себепті ата-аналармен де жұмыстар ұйымдастырылып, баяндамалар оқылып, жиналыстар өткізілді.

Сонымен қатар, қыздармен және ұлдармен әр түрлі тақырыпта әңгімелер жүргізілді. Жылдықта жоспарлаған тақырыптар уақытында өткізіліп, әлеуметтік желіге салынып отырылды. Оқушылар сынып сағаттарына белсене қатыстып отырды.

Осы атқарылған іс шаралардың барлығы «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсатына жетуге, яғни оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру еңбеккор, адаптациялар, саналы жасампаз азаматты тәрбиелеу болып келеді.

Сынып жетекші:Атқиева М Е